



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

эстетикалық тұрғыдан реттеуге мүмкіндік береді. Тексеру және өзін-өзі тексеруден кейінгі тапсырмалар оқушылардың зейінін белсендіреді, орфографиялық және пунктуациялық қырағылықты қалыптастырады. Әдебиет сабағында электронды оқулықтардағы бейнероликтерді, шығармашылығы зерттеліп жатқан ақындардың өлеңдеріне жасалған музыкалық шығармаларды жиі пайдаланамын [4, б. 18]. Сонымен, музыкалық сүйемелдеумен Абай Құнанбаев, Жамбыл Жабаев және басқа да қазақ әдебиетінің ұлы классиктерінің шығармашылығы бойынша сабақтары өтеді. Кітап оқудың артта қалғаны ғажап емес. Оларды бағдарламалық жұмыстардың мазмұнымен қалай таныстыруға болады? Дәл осы жерде оларға негізделген фильмдер жазылған дискілер көмекке келеді. Әрине, сабақта фильмді толық көруге уақыт жоқ, бірақ жеке эпизодтарды әлі де болса пайдалануға және авторлық мәтінмен салыстыруға болады, сол арқылы тіпті нашар оқитын оқушыларды әдеби шығарманы талдауға қосуға болады, сонымен қатар балаларды үйде көруге фильм ұсына отырып, оларды қызықтырады. Сонымен, оқушыларым Сәбит Мұқановтың «Ботагөз» фильмін үйде отырып толық тамашалады. Кейінірек сабақта олардың талқылауы олардың күшті және әлсіз жақтары туралы қызу пікірталасқа айналады.

Қорытындылай келе, АКТ–ны әр сабақта пайдалану, әрине, шындыққа жанаспайтынын атап өткім келеді. Компьютер мұғалім мен оқулықты алмастыра алмайды. Бірақ олар уақытты үнемдеуге және жұмысыңызды тиімді етуге мүмкіндік беретін тамаша көмек. Сондықтан ақпараттық технология мұғалімнің қолында бар басқа әдістемелік құралдармен бірге қолданылуы керек. Яғни, біз компьютерлік қолдауды өнімді, орынды және қызықты пайдалануды үйренуіміз керек. Заманауи мұғалім оқушының ең маңызды құқықтарының бірі – сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету үшін ең болмағанда жаңа оқу құралдарымен жұмыс істеуді міндетті түрде меңгеруі керек.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Н.Т.Сартаева Ақпараттық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік іс-әрекетін мотивациялау. Философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған авторефераты. Алматы, 2019
2. В.М.Глушков История информационных технологии М:Образование. 2004. 165 с.
3. Ж.Садуова «Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану». // Білім. Алматы, № 5
4. Н.Х.Хамзина Қазақ тілін оқытуда жаңа технологияларды қолдану //Білім айнасы. 2019

ӨӨЖ 37.013.2

### **ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУДАҒЫ АКТ–НЫҢ РӨЛІ**

*Файзуллина Арайлым Сериковна  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің, педагог–модераторы  
Жазықова Толқын Бектепбергенқызы  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің, педагог–модераторы  
Габдуллина Гулмира Нигматовна  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің, педагог–эксперті  
Қостанай қаласы білім бөлімінің «№ 19 жалпы білім беретін мектебі» КММ  
Қостанай қаласы, Қазақстан  
E–mail: ds–arailym@mail.ru*

#### **Аңдатпа**

*Мақалада сөйлесім әрекетінің маңызды бір түрі, соңғы кезде көп қарастырылып жүрген және қазақ тілі сабақтарында кеңінен орын алған айтылым әрекетін меңгертудегі ақпараттық –коммуникациялық технологиялардың маңызы туралы айтылады. АКТ–ны қолдану арқылы өзге тілді оқушылардың тілге деген қызығушылығын, ынтасын, белсенділігін арттыруға болатыны жайлы сөз етіледі.*

***Түйінді сөздер:** қазақ тілі, айтылым, технология, инновация, дамыту, дағды.*

#### **Аннотация**

*В статье говорится о значении информационно–коммуникационных технологий в овладении важным видом коммуникативной деятельности, произносительной деятельностью, которая в последнее время широко рассматривается и широко используется на занятиях казахским языком. Ороли ИКТ для повышения интереса и активности изучающих казахский язык как иностранный.*

***Ключевые слова:** казахский язык, говорение, технология, инновации, развитие, навык.*

#### **Abstract**

*The article talks about the importance of information and communication technologies in mastering an important type of communicative activity, pronunciation activity, which has recently been widely considered and widely used in the classroom of the Kazakh language. On the role of ICT to increase the interest and activity of students of the Kazakh language as a foreign language.*

***Key words:** Kazakh language, speaking, technology, innovation, development, skill.*



Егеменді еліміздің тірегі–білімді ұрпақ.Бұндай ұрпақты тәрбиелеу үшін заман талабына сай білім беруіміз қажет. XXI ғасыр– озық технологиялар ғасыры.Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабы. Әсіресе, өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйретуде мұның пайдасы зор.

Тіл үйрету үдерісіндегі ең белсенді заманауи әдістемелік тәсілдердің бірі – ақпараттық коммуникативті оқыту технологиясы. Осы технологияны тиімді қолдана білген ұстаз өз шәкірттеріне білім, тәрбие беруде табысқа жетеді, сол арқылы олардың бойында ойын өзгеге өз бетінше жеткізу қабілетін қалыптастыруға, өзара қарым – қатынас негізіндегі айтылым дағдысын қалыптастыруға ықпал ете алады.

Тілдік қатысым дағдысының бір түрі – айтылым. Айтылым дағдысы арқылы сөйлеуші бір хабарды, ақпаратты ауызша баяндап, екінші біреуге түсінікті етіп жеткізеді. Оқушының қазақ тілінде ойын ауызша жеткізе білуге үйрету үшін, ең алдымен, өмірде оны екінші адаммен түсінісе біліп, ойын ауызша жеткізіп қана қоймай, оған жауап ала біліп, ұғынысып, тілдік қарым–қатынасқа түсе білуге үйрету керек. Коммуникативті оқыту технологиясы негізінде білім беру–оқушыны ауызша (тыңдау, түсіну, сөйлеу)және коммуникацияға (оқу, жазу) тарту яғни, оқылыпжатқан тілдеқарым–қатынас қалыптастыру дегенсөз. Қазіргі заман талабы қазақ тілін білу болса оқушыларға қалайда жақсы меңгертем деген ұстаз оқытудың түрлі тәсілдерін қолданады.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында АКТ–ны пайдалану арқылы берілетін білім оқу материалын жүйелі беруге, ақпаратты көруге, есте сақтауға, қатысымдық тұрғыдан меңгеруге, қазақша тілдік қатынасты, айтылым дағдысын игеруге мүмкіндік береді. [1, б. 11]

Ең негізгі құрылғы – ғаламтор желісі. Ғаламтор желісінде қолданылатын амалдардың бірі – аудиоматериалмен жұмыс істеу. Аудиоматериалдар сабақта мынадай мақсатта қолданылады: біріншіден, қажетті ақпаратты өте әсерлікпен жеткізеді; екіншіден, оқушының бақылау мен талдау дағдыларын жетілдіреді, үшіншіден, өз пікірін, ойын тұжырымдап айтуға үйретеді.

Қытайдың дана философы Конфуций: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтаймын, өзіме жасатсаң – үйренемін» деген. Конфуций айтпақшы бала қолымен жасағанда ғана жақсы түсінеді, есте сақтайды. Сондықтан да сабақта АКТ пайдалану қажеттілігі туындайды. АКТ–ні тек қана сабақ кезінде ғана емес, сабақтан тыс уақытта да қолданамыз. Өйткені кез келген деректерді интернеттен алуымызға мүмкіншілігіміз бар. АКТ–ны сабақта қолдану оқушылардың белсенділігін, қызығушылығын арттырады, сыни ойлауға, басқалармен ой бөлісуге, өз тәжірибесін шыңдауға көмектеседі. АКТ–ны қолдану нәтижесінде оқушылардың өз бетімен ізденісі, қызығу–шылығы, белсенділігі, сенімділігі артады. Білімді меңгере отырып, оқушы сын көзбен қарауға, өз ойын еркін айтуға, өз құқықтарын қорғай білуге, ақпарат көздері арқылы ізденуге, білімін толықтыруға жәрдемдеседі. Дарынды және талантты оқушылардың да білімін шыңдауда осы АКТ–ның қосар үлесі мол. [2, б. 7]

АКТ–ны қолдану «Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасында төмендегідей көрініс табады: оқытудың сапасын арттыру үшін сабақта жаңашыл әдістер мен ақпараттық технологияларды пайдалану;ғаламтор ресурстарымен жұмыс жасайды (мысалы, веб–сайттағы ақпаратты оқу, керекті материалды іріктеу, жеке құжат немесе файл ретінде көшіру және сақтау); мәтін және слайдтармен жұмыс істеу үшін қарапайым бағдарламадан күрделірек бағдарламаға көшу (Word, Power Point); ақпаратты өңдеп, электронды түрде жеке құжат ретінде сақтау үшін жабдықтарды (принтер, сканер, сандық фотоаппарат) пайдалану; электронды оқулықтарды пайдалану; тақырыпқа байланысты медиақұралдарды қолдану;ақпаратты саралап, зерттей алу.

Коммуникативті оқыту ұстанымы:тілдік дағдыларды дамыту.Қазақ тілі пәніненайтылым сөйлеу әрекеттерін дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:тыңдауға, мазмұнын түсінуге әр түрлі жанрдағы мәтіндерді ұсыну; шығарманы қайталап тыңдау, негізгі ойды анықтау; тыңдалған шығарма бойынша сұрақтар қою;шығарма бойынша жоспар құру; тыңдаған шығарманың белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып беру; шығарманың мазмұны бойынша қарама–қарсы пікір айту, дәлелдеу; шығарманы өз қиялымен өзгертіп аяқтау;мәтіндегі оқиғаларды, іс–әрекеттерді салыстыра талдай алу; ұсынылған тақырып бойынша сұхбат алу немесе сұхбат беру және нәтижесі бойынша ауызша есеп беру;жоспарланған тақырыптар бойынша пікірталас ұйымдастыру; жұпта ым–ишараны пайдаланып, оқиғаны жазуға дайындалу (мысалы, «Бағытталған оқу» және «Бағытталған жазу»); ауызша айтылғанды түсіну және сұрақтарға жауап бере білу;берілген тақырып бойынша диалог құрастыру. [3, б. 34]

Айтылым дағдысын меңгертуде 1 сынып оқушыларына «Меморис» платформасы арқылы жасалған сөздік жұмысы өте тиімді. «Меморис» – жанданған фото әсерін беретін кәсіби платформа. Бұл платформа арқылы оқушылар сөздерді өздігінен жаттай алады. Бағдарламамен жұмыс жасау үшін келесі әрекеттерді жасау керек:

– «Меморис» платформасының бағдарламасын «Google Play» немесе «App Store» ден жүктеп аламыз.

– «QRкод»–ты жүктепаламыз.

- «Меморис» бағдарламасында жасалған жандану әсері бар тақырыптық карточка өзінше.
- «QRкод»–ты сканерлеу арқылы суретті жандандырамыз.
- Оқушылардың «Меморис» бағдарламасының көмегімен жаңа сөздерді меңгеру қабілеттерін былайша жіктеуге болады:
  - Қанағаттанарлық: сурет бойынша атайды, сәйкестендіреді, сөздерді белгілейді, топтастырады, қайталайды.
  - Жақсы: сұраққа жауап береді, рөлдік ойынға қатысады, үлкеннің көмегімен жауаптың дұрысын анықтайды, салыстырады.
  - Өте жақсы: өз ойын жеткізе алады, сұрақ қояды, басқа тақырыптарға қызығушылық тудырады, үлкеннің көмегіне жүгінбейді.

«Меморис» бағдарламасы оқушының жаңа сөздерді меңгеруіне ықпалын тигізеді. Оны білім алушылардың «Меморис» бағдарламасымен жұмыс жасай алғанынан көруге болады. Оқушылар жаңа сөздерді жаттау үшін тыңдалым әрекеті арқылы суреттерді таныды. Аудионы тыңдай отырып, сөздерді сурет арқылы сәйкестендірді, тақырыптар бойынша жаңа сөздерді меңгерді. Жаңа сөздерді мұғалімнің және ата-ананың көмегімен өз бетімен меңгере алды. Сабақтағы белсенділіктері артты. Дәлел ретінде оқушылардың жұмыс істеу кезіндегі фото-видеолары және ата-аналардың пікірлерін ұсына аламын.

Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану оқушылардың айтылым дағдысын, білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен бірге кейде қол жетпейтін көрнекіліктерді пайдалануға, білім мен мәліметтерді әр түрлі формада ұйымдастыруға көмектесе алады.

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнін оқытуда да ақпараттық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері өте мол. Мәселен, 7–сыныпта әдебиетпен танысу батырлар жыры түсініктен басталады. Бұл блокта оқушылар жыраулар поэзиясымен, шешендік сөздер т.б. сияқты ауыз әдебиеті үлгілерімен танысады. Оқушылардың батырлардың, шешендердің, жыраулардың жырларын түсініп, есте сақтауын қамтамасыз ету мақсатында интерактивті тақтаның көмегі зор. Дулат Бабатайұлының, Сүйінбай Аронұлының, Абайдың өмірлерімен танысып, шығармаларын түсінеді. Оқушыларға әуелі слайд көрсету арқылы өлең авторының өмір жолымен таныстырып, осы өлеңнің шығу тарихына ерекше тоқталып, мазмұнын меңгертіп, электронды оқулықта берілген әр түрлі интерактивті тапсырмаларды орындатамын. Мұғалім тақтаның сурет салу редакторы арқылы тақтада мақалдарды ребус түрінде береді, оқушылар сол ребусты шешеді. Келесі сабаққа өздері де ребус ойлап тауып, тақтаға салып, басқа оқушылардың шешуін сұрайды. Өлең авторларының өмір жолымен хооло-гиялық кестелер құрастырады. Орта буын оқушылары 6–7 сыныпта «Қазақстан қалалары» деген тақырыпта өздерінің слайдтарын жасап, қалаларға экскурсияны интерактивті тақтамен жүргізеді. Жоғары сыныптарда роман, әңгімелерді оқыту үлкен қиыншылықтарға әкеп соғады, себебі балалар кітап оқып отырғаннан компьютерде көбірек отырғанын қалайды. Осы мәселенің шешуін де ақпараттық технологиялар көмегімен табуға болады. Мәселен, романды оқуға екі немесе үш сағат берілсе, білімді бекіту сабағында электронды оқулық бойынша тест және т.б. бақылау түрлерін өткізу, оқушылармен пікірталас жүргізуге болады. Үй тапсырмасы ретінде шығармашылық топ құрып, соларға осы роман немесе әңгімеден үзіндіні кино қылып түсіріп, келесі сабақта интерактивті тақта арқылы сол киноны сыныпқа көрсетуге болады. Міне, осындай ақпарат құралдарының көмегімен сабаққа қатысу белсенділігі төмен оқушылардың да қызығушылығын арттыруға болады. Мәтін көлемі де шағын болғаны дұрыс. Тақырыпқа қатысты сөздік санының көлемі 7–10 сөзден аспағаны дұрыс. Тақырыпқа қатысты мәтіндер сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға көп көмегі бар. Оқушылардың жеке шығармашылық шеберлігін көтереді. Сабақтағы материалдар сапасы жағынан биік болуы, сөйлеу, сұхбат алу амал-әрекеттерін бірде баяу көрсетілсе, екіншісінде шамалы жылдамдықпен беріп, түсінбеген жерлері бар болса анықтап, қайта көруге немесе тыңдауға да мүмкіндік туғызады. Тілді жақсы меңгеру үшін интерактивті ортаның болуына әсер етеді және қарым-қатынастық механизмінің пайда болуына ықпал етеді.

Қазақ әдебиеті сабақтарында ақпараттық технология келесі жұмыс түрінде де қолданысын табады. Бұл оқушылардың аса шығармашылығын талап ететін жұмыс. Бұл жұмыс түрін жүргізгенде оқушылар техникалық құралдарды қолдану арқылы жобасын дайындайды. Мәселен, сабақта ақын-жазушының шығармашылығымен танысу үшін арнайы топ құрылып, тақырып бойынша терең мағлұмат жинап, онымен бүкіл сыныпты таныстыру мақсатында балалар кітапханаға барып ізденіп, тақырыпқа байланысты материалдарды суретке түсіріп, жалпы толық бейнематериал жинақтайды. Жиналған мағлұматтарды компьютер арқылы өңдеп, қысқаша деректі фильм етіп шығарады. Содан соң бұл фильмді сабақ үстінде сынып назарына ұсынады. Осындай өзгеше жұмыс түрлерін өткізу арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, олардың пәнге деген қызығушылығын оятуға, тілді үйренуге, дарынды тұлғаны қалыптастыруға әбден болады. [4, б. 31]

Еліміз болашағын жоғары ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен тығыз байланыстырып отырған бүгінгі күні, мектептер алдындағы әсіресе мұғалімдер алдындағы басты міндет сол болашақтың иесі, қазіргі күні біздің алдымызда отырған оқушыны бәсекеге қабілетті біліммен

қаруландыру болып табылады. Мұғалім – ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Ал бұл мұғалімнен ақпараттық құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді. Компьютерді пайдалану оқушының пәндер бойынша терең танып білуіне ғана емес сондай – ақ, есептеуіш техникамен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру уақыт талабы екенін сезінуіне жағдай жасайды. Кез келген сабақтарда жаңа ақпараттық технологияны пайдалану оқушының қызығушылығын ғана тудырып қоймай, басты білім сапасының артуына әсер етеді.

Қазақ тілін меңгеруде ақпараттық технологияны қолдана отырып, педагогикалық қалыптасқан, жазу, тыңдау, түсіну, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға әбден болады. Ал енді психологиялық жағына келетін болсақ, қазіргі уақыт ағымындағы оқушылардың әрқайсысының үйлерінде әдетте көптеген ойындары бар компьютерлер, ноутбуктар, видеолар мен телевизор бар болғандықтан, олар қоршаған ортаны осындай тәсілмен қабылдауға үйренген.

Қорыта айтқанда, оқушыларды шығармашылыққа, өз бетімен іс-әрекет етуге бағытталған тапсырмалар саны көбейгенде ғана, өз пікірін айта алатын, оны дәлелдей білетін, өмірге деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, үнемі ізденіс үстінде болатын, қоғам дамуына үлес қоса алатын, көкірегі ояу, ізденімпаз, өзіндік шығармашылық жұмыспен айналыса алатын жан-жақты жетілген жас ұрпақ өкілдерін дайындауға болады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. С.Т.Мұхаметжанова, Ж.Ә.Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, Педагогика журналы №2 2009 ж. 25 б.
2. Аюбаева Т. Ақпараттық технологияларды оқыту үрдісінде. Қазақстан мектебі 2008 ж, №11, 50 б.
3. М. Мақсұтқанова, Оқыту-тәрбиелеу технологиясы, 2010 ж., №18, 61 б.
4. Г.Байтилеуова, «Ақпараттық технологиялардың тиімділігі». Қазақстан мектебі. 2008 ж. №6–55 б.

УДК 711.7

### **ПОВЫШЕНИЕ МОТИВАЦИИ ОБУЧАЮЩИХСЯ НА УРОКАХ ИНФОРМАТИКИ ЧЕРЕЗ ИГРЫ И РАБОЧИЕ ЛИСТЫ**

*Фёдорова Татьяна Николаевна  
заместитель директора по ИКТ, учитель информатики  
КГУ «Общеобразовательная школа №19 отдела  
образования города Костаная»  
Управления образования акимата Костанайской области  
г. Костанай, Казахстан  
E-mail: zamikt-19@yandex.kz*

#### **Аннотация**

*Основная задача обучения в школе – воспитать творческую, креативно мыслящую, самостоятельную и толерантную личность, что подталкивает нас на поиск новых форм и приемов изучения информатики. А так как на сегодня игра в жизни ребенка имеет то же значение, какое у нас взрослых имеет работа, то имеет смысл энергию детей направить на изучение предмета через игру. Игра – подходящий инструмент для достижения цели обучения по предмету информатика.*

***Ключевые слова:** игра, мотивация, рабочий лист, информатика, обучение информатики.*

#### **Аңдатпа**

*Мектептегі оқытудың негізгі міндеті–шығармашылық, креативті ойлау, тәуелсіз және толерантты тұлғаны тәрбиелеу, бұл бізді информатиканы зерттеудің жаңа формалары мен әдістерін іздеуге итермелейді. Бүгінгі таңда баланың өміріндегі ойын да маңызды болғандықтан, бізде қандай ересектер бар, содан кейін балалардың энергиясын ойын арқылы тақырыпты зерттеуге бағыттау мағынасы бар. Ойын–информатика пәні бойынша оқу мақсатына жетудің қолайлы құралы.*

***Түйінді сөздер:** ойын, мотивация, жұмыс парағы, информатика, информатиканы оқыту.*

#### **Abstract**

*The main task of studying at school is to educate a creative, creatively thinking, independent and tolerant person, which pushes us to search for new forms and methods of studying computer science. And since today the game in the life of a child also matters, what kind of work we adults have, it makes sense to direct the energy of children to study the subject through the game. The game is a suitable tool for achieving the goal of studying in the subject of computer science.*

***Key words:** game, motivation, worksheet, computer science, computer science training.*